

Қ.Шаңғытбаев атындағы Жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2022-2023 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. ҚР Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып негізінен 8 бағытта жасалды. Тәрбие жоспарында сабақтастық тұтастық жүйелілік қағидалары сақталған. Әр бағытты жүзеге асыруда іс-шаралар жоспарланған. Сонымен қатар іс-шаралардың ұйымдастыру нысандары мен әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының өз ерекшеліктері мен тәжірибесіне байланысты көрсетілген. Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы Заңы», Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру концепциясы, «ҚР-ның бала құқығын қорғау», «Балалар құқығы» Концепциясы, «Діни қызмет діни бірлестік ҚР», «Неке және отбасы», «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының «Жасыл экономика» көшу жөнінде 2013-2020 жылдар арналған тұжырымдама; Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары»; Қазақстан-2020: болашаққа жол ҚР мемлекеттік жастар саясаты 2020 тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары енгізілді.

1 қыркүйек Білім күніне орай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағатына қонақтар шақырылып тақырып аясында мәліметтермен бөлісілді.

Білім күніне орай ұйымдастырылған сабақтар мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.

«Ұстаздар күні» мерекесі аясында мектепшілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері ұстаздарды құттықтау мақсатында мерекелік ашық хаттар жасап құттықтады. «Дублер күні» ұйымдастырылып, оқушылар мұғалімдер орнын алмастырды. «Инабат» қыздар клубы мерекелік шара ұйымдастырды. Апталық соңы мерекелік жиынмен қорытындыланды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс жоспарына сай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие мамандары мектеп оқушыларымен бірлесе отырып Тәуелсіздік тақырыбы аясында сыныптан тыс жұмыстар, спорттық шаралар, кездесулер, интеллекулалды тарихи сайыстар ұйымдастырып өткізді.



8 наурыз мерекесіне орай мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда аналар, әжелер, жетекшілерді қонаққа шақырып ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие саласы мамандары буындар арасындағы қыз балалармен сайыстар ұйымдастырды. Спорттық шаралардан «Мерген ару», волейболдан жарыстар ұйымдастырылды.




22 наурыз шарасы ұйымдастырылды. Ұлттық ойындар ойналып ұлттық тағамдар күні болып, жәрмеңке ұйымдастырылды. Жпарова Л Саятшылар күніне байланысты ашық тәрбие сағатын өткізді. 22 наурыз мерекесіне орай барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді.




Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ мектебінде сыныптан тыс шаралар өз уақытында өтіп отырды. Сынып жетекшілер мектеп оқушылармен аудандық негізінде келген қатынастарға сай шаралардың өтуіне атсалысты

«Отбасы – бақыт мекені» апталық жұмысы дәстүр бойынша мектебімізде өткізілетін алғашқы апталық жұмыстардың бірі болуда. Осы апталық аясында мектебіміздің жұмыстарына ата-аналар қауымы белсенді түрде қатысады. Барлық сыныптарда ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттар ұйымдастырылды. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында түрлі шаралар өткізді.




Отбасы апталығынан

Мектебімізде «Қауіпсіз мектеп» апталығы ұйымдастырылды. Мұнда оқушыларға мектепке жету жолында қауіпсіздік сақтау жолдарын таныстыру мақсатында ашық тәрбие сағаттар өткізілді. Сонымен қатар тәрбие саласы мамандары тақырып аясында қызықты шаралар ұйымдастыра білді. Оқушылар флешмоб билеп, жолда жүру ережелерін есте сақтап, мектептегі келеңсіз оқиғалар аясында өзін алып шығу жолдары айтылды.




Мектебімізде «Экологиялық сағат» апталық жұмысы өте белсенді түрде ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылса, тәрбие саласы мамандарымен бірге ағаш

отырғызу, аула тазалау жұмыстары еріктілер жұмысы аясында жүрді. Мектеп оқушылары аталған шараларға ерікті түрде келіп белсенділік таныты.



Экологиялық сағат шараларынан.


«Инабат» қыздар клубының жұмысы аясында мектебімізде қыздар апталығы ұйымдастырылды. Апталық барысына тәрбие саласы мамандары ат салысты. Олар қыздар арасында түрлі кездесулер, қызықты ойындар, танымдық сабақтар, сайыстар ұйымдастырып өткізді. Қыздардың тазалығы, ұқыптылығы, белсенділігі, оқу үлгерімі тақырыптары аясында кездесулер қткізілді.



Қыздар апталығынан


Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен қатар үйірме жұмыстарынан тақырып аясында сурет

көрмесі өткізілді. Тәрбие саласы мамандары кездесулер, конференциялар ұйымдастырды.




Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ апталығынан

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары ауыл имамымен кездесу ұйымдастырды. Оқушылар өз көкейлерінде жүрген сұрақты қойып жауаптарын ала алды.




Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шарасынан

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық жұмыс барысында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сыныптармен тәрбие саласы мамандары түрлі деңгейдегі сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды.



Зорлық-зомбылықтың алдын алу апталығынан

Рәміздерді насихаттау мақсатында мектепішілік апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандары тақырып аясында сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырып өткізді.



Рәміздер апталығынан

Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында мектебімізде апталық жұмыс ұйымдастырылды. Апталық барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие саласы мамандарымен мектеп оқушылары түрлі деңгейдегі сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысып қызығушылықтар танытты.




Жол ережесін білу апталығынан

Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері, АӘД жетекшісі) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді.

«Театр сабақтары» жобасы бойынша «Театр-ғажайып әлемі» атты таныстыру жұмысы жүргізілді. Алғашқы сабаққа театр үйірмесіне қатысушы оқушылар қатысты. Сабақта театр сөзіне тоқталып өтті. Оқушылардан театр туралы білетіндіктерін сұрап, сабақтың мақсатын айқындады. Содан соң жалпы өнер туралы сөз қозғап, биылғы оқу жылының жоспары таныстырылды.

Жалпы мектеп оқушыларының театрға қызығушылығы өте жоғары. Оқушылар театр сабақтарына белсене қатысып отырды. Мектебімізде «Шабыт» театры жұмыс жасайды. Аудандық «Сахнадан сәлем» байқауынан екі жыл қатарынан жүлделі орындарға ие болды. Бағалы сыйлықтар жеңіп алды. Жетекшісі Науырызбаева Сания Қожантаевна.







Мектептегі «Оқуға құштар» жобасының іске асырлуы

Жобаның мақсаты:


Көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен ұстаздардың қызығушылығын арттыру.

Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған мектеп дейтін болсақ, сол мектепте орналасқан кітапхана мынадай міндеттерді бірге атқарады:

- Мектеп кітапханасы арқылы оқушыларды оқу мәдениетіне, кітапқұмарлыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.
- Оқырманды оқуға басшылық етіп, оқушыларды кітап оқуға баулып, оқыған кітаптары арқылы дүние танымын кеңейтіп, көркем шығарманың кереметтігін сезініп, оны күнделікті өмірде пайдалана білуге тәрбиелеу.



«Дарабоз» дебат клубының да жұмысы өте нәтижелі. Клуб жетекшісі Қарауылбекова Г. Клубтың жеке инстаграмм парақшасы бар. Барлық жаңалықпен сол жерде бөлісіп отырады.



« Шанғытбаев жаңалықтары» атты медиа жоба жұмыс жсайды. Мақсаты: Оқушылардың тілдік бағдарын жетілдіру, журналистикаға бағыттау.



Қаламгер» ақындар клубы да өз жұмысын 4 жылдан бері жалғастыруда. Ақындық өнерге баули отырып, аудандық, облыстық байқауларға оқушылар дайындау мақсатында жұмыс жасайды.

Оқушылардың денсаулығын сақтауғы және қалпына келтіруге, суицидтің алдын алуға арналған іс-шаралар

Қ.Шанғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Өмір – қымбатсың маған» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: «Өмір», «Бақыт» ұғымдарына ұғымдарына тереңірек үңілуге ықпал жасау. Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету және өмірге деген құштарлықтарын арттыру.

Қарабұтақ ауылдық полиция инспекторы А.Ахметалин құқықбұзушылықтың және келеңсіз оқиғалардың алдын алу, балаларды әлеуметтік желі беттеріндегі әр түрлі діни ағымдар мен келеңсіздікке апаратын әр түрлі ойындардан аулақ болуын қамтамасыз ету мақсатында «Әлеуметтік желі әлігі» тақырыбында ата-аналармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

8-11 сынып оқушылары арасында оқушыларды зиянды заттардан аулақ болуға баулу және спортпен шұғылданып, салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру мақсатында «Үрпақ саулығы – ұлт саулығы» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

9-11 сынып оқушылары арасында мектеп психологі «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында бір реттік «вейп» эпидемиясын алдын алу, оның денсаулыққа зияны туралы түсіндірді.

«Әкелер бізде қонақта» шарасы аясында «Отбасы- шаңырақтың айнымас тіреуі» тақырыбында әкелерге арналған психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мектеп психологі балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, өмірді сүйеге, бағалай білуге кеңестер беру және өзекті мәселелерді талдау кезінде өз ойларын ашық, батыл, еркін жеткізе білу мақсатында «Жүрек жылуын балама арнаймын» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Келеңсіз оқиғалар мен жад қылықтардың алдын алу, өмір сүру құштарлықтарын арттыру мақсатында жоғары сынып оқушыларына «Өмір – бақыт, бәрі өз қолыңда» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

8-11 сынып қыз балаларымен «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мектеп мейірбикесімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында сауалнамалар алынып, ерте жүктіліктің зияны мен салдары түсіндіріліп, қыз балаларға беймезгіл уақытта жүрмеу керектігі, ішімдік ішкен, бөгде адамдардан сақтану керектігі туралы ескертіліді.

Мектеп мейірбикесі С.Жумагулова 8-сынып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу мақсатында шылым шегудің зияны мен адам өміріне тигізер зардабы туралы түсінік жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратты.

«Мұрагер» ер балалар клубы мүшелеріне «Есірткіге жол жоқ!» атты тақырыбында Әйтеке би ауданы полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы полиция Ақылбек Ахметалинмен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және есірткіге қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналармен «Құқықтық мәдениет – бала қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: ата-аналарға балалар өмірінің қауіпсіздігі ең басты мәселе екенін түсіндіре отырып, құқықтық білімдерін жетілдіру.



Оқушылардың ерлігі мен ерліктеріне арналған, тазалық акциясының нәтижелерін көрсететін диаграмма


Оқу жылы	Ақпарат берілген	Сырттан берілген	Қолданылған материал
2019-2020	10	2	1
2020-2021	8	4	1
2021-2022	12	4	1

Название диаграммы



Мектеп директоры: **Н.К.Қулов**

Оқушылардың ерлігі мен ерліктеріне арналған, тазалық акциясының нәтижелерін көрсететін диаграмма



Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ «Жүрек жылуы» еріктілер клубы бойынша ақпарат

Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ мектебінде Республика күніне орай әлеуметтік педагог және еріктілер мүшелері бірлесіп «тазалық бүгіннен басталады» акциясын өткізді.


Табиғат-бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы және аялы есігі.Акцияға 6-сынып оқушылары мектеп ауласын тазалап қол көмектерін берді.Сонымен қатар тазалықты өзімізден бастап, табиғатты, ауылымызды, мектеп айналасын

тазарту мақсатында тазалық акциясына 3-сынып оқушылары өз көмектерін берді.

Осы орайда қайырымдылықты насихаттау және дамыту мақсатында «Жақсылық сабағы» ұйымдастырылды.

Халқымыздың тұла бойы мәдениеті, мінезі жақынына қамқор болу, мейірімділікпен жұмыла көмек көрсету сияқты қасиеттерден тұрады. Осыған байланысты азаматтардың әлеуметтік осал санатына көмек көрсету, қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, волонтерлік топтарды тарату мақсатында «Жанашыр Жүрек» акциясы аясында Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББ мектебінде «Қоғамға қызмет» еріктілер тобы және ерікті мүшелер ауылымыздың жалғыз басты қарияларына көмек көрсетті.

«Ізгілік тілесең ізгі бол» акциясы. Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы- жомарттық, кең пейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық дарыту мақсатында анасынан айырылған жалғыз басты әкеге көмек көрсетілді. Жақсылық жасау парызым! Әр қашанда қамқорлық жасап жүрейік!



Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу» іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-11 сынып ер балаларына Қарабұтақ ауылдық әуылдық учаскелік полиция инспекторы капитан А.Ахметалинмен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында оқушылар ойларында жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасып, сұрақтарына толықында жауап алды. Кездесу соңында Ақылек Нағашыбайұлы оқушыларымызды құқық бұзушылықтан аулақ болуға еліміздің патриот азамат азаматшасы болуға шақырды.

Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББ мектебінде «Мұрагер» ер балалар клубы мүшелеріне «Есірткіге жол жоқ!» атты тақырыбында полиция инспекторы кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және есірткіге қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ата-аналарға ұялы телефонның балаларға пайдасы мен кері әсерін түсіндіру, әлеуметтік желідегі келеңсіз оқиғаға алып келуі мүмкін қауіпті ойындардан қалай сақтандыру керектігі туралы әр сыныпта ата-аналар жиналысы өтті. Барлық ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, видеороликтер көрсетіліп, жаднамалар таратылды.

Әйтеке би аудандық полиция бастығының м.а Төлеуовия «Құқықтық мәдениет – бала қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында баяндама оқып, ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«2022-Балалар жылы» жоспарына орай 16 мамыр күні ауылдық полиция капитаны мектептегі 8-11 сынып оқушыларына жазғы демалыс кезеңінің басталуына байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында кәмелетке толмаған балалардың бос уақытын және жүріп-тұратын жерлерін мұқият бақылау қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың бей мезгіл уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында үнемі түнгі рейд жұмыстары жүргізіліп отыр және т.б. Жоспарланған іс-шаралар өз жалғасын табуда.

Қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар




Мектеп директоры:

М.Құлсарина

Кәсіби шеберлік конкурстарының жеңіліне педагогтардың саны

Аудандық марапат	Облыстық марапат	Республикалық марапат
0	1	1



Мектеп директоры:

М.Құлсарина

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Комитетінің

№	Аты - атауы	Үлгісі	Дегенді	Жалпы
1	Ғылым және Білімнің Қазақстан Республикасының Жаңа Ғылым Мамыр айындағы Қазақстан Республикасы	«Біз бірге біз үлкен, бірігіп жарыққа шыға»	Қазақстан	2019 жыл
2	Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Комитеті	«Технологиялар және білім»	Қазақстан	Астана қаласы 2019 жыл
3	Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Комитеті	«Біз бірге біз үлкен, бірігіп жарыққа шыға»	Қазақстан	2019 жыл



Өткізілген іс-шаралар уақытылы Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің инстаграмм әлеуметтік желісінде 2019 жылдың мамыр айынан бастап жарияланып отырылды. Әлеуметтік парақша <https://instagram.com/karabutakorta?igshid=MzRIODBiNWFIZA>